



Атырау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 220 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 3279 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37- баптарына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы "17" шілдедегі № 220 қаулысымен бекітілген

Атырау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидасы мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысының автомобиль жолдарын сыныптау қағидасы мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Сыныптау қағидасы және шарттары

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын сыныптау жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін сыныптау жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға келісу үшін жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізу туралы материалдарды жібереді.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды , автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Мемлекеттік уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды . Автомобиль жолын кейіннен жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқару органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

4. Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

5. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы

индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Атырау облысы "Е" әрпімен белгіленеді.

"КЕ" әрпінен кейін индекснің келесі әрпін меншіктеу кестесі

Реттік номер	Атырау облысы аудандарының атаулары	Индекстегі әріп атауы
1	2	3
1	Махамбет	МХ
2	Индер	ІД
3	Исағай	ІС
4	Кұрманғазы	КР
5	Мақат	МК
6	Қызылқоға	ҚҮ
7	Жылыой	ГЛ

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекснің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.